

**Балпанова Назерке Жумагалиевнаның  
«Нанокаталитикалық қоспалар мен полимерлік материалдар қатысында көмір  
шайырын гидробайыту» тақырыбындағы «6D060600 – Химия» мамандығы бойынша  
философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға ұсынылған  
диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшісі,  
PhD доктор, ас. профессор Түсінхан Алмастың  
ПІКІРІ**

Қазақстан Республикасының әлемнің дамыған елдерінің қатарына кіруі мұнай-газ секторының экспорттық әлеуетін сақтай отырып, көмірсүтектерді өндіру және өндеу жөніндегі дәстүрлі өндіруші секторлардың тиімділігін арттыруды қамтамасыз ететін тетіктерді іздестірумен байланысты бірқатар ғылыми бағыттардың дамығанын айқастайды. Осыған байланысты қатты және ауыр көмірсүтекті шикізаттан синтетикалық сұйық отын алу тәсілдерін өзірлеу, халықаралық экологиялық стандарттарга сәйкес өз нарықтарын жанар-жагармай материалдарымен қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін тиімді каталитикалық жүйелер мен белсенді сутегі донорларын іздеу қажеттілігі ерекше өзектілікке ие болады.

Сонымен қатар, сала дамуының қазіргі кезеңінде фенолдар мен полиароматты көмірсүтектердің көп болуына байланысты біріншілік тас көмір шайыры мен оның фракцияларын тікелей өндеу қын екенин атап өткен жөн. Ізденуші Н.Ж. Балпанованаң жүргізген зерттеу жұмысы біріншілік тас көмір шайырының кең фракциясын гидробайыту процесінде колданылатын катализаторлар мен олардың қасиеттері туралы іргелі білімді кеңейтуге мүмкіндік береді. Олардың ерекшеліктерін іс жүзінде қолдану өнеркәсіптік катализдің жетістіктерін анықтай алады, оған химия өнеркәсібінің кейбір салаларының экономикалық потенциалы тәуелді болады.

Бүгінгі таңда жеңіл әрі қолайлы мұнай кен орындарының қорлары күн өткен сайын азауына байланысты мұнай, көмірхимиялық және химиялық өндіріске накты баламалы шикізат қатты көмірсүтекті шикізат өнімдері мен ауыр мұнай қалдықтары болуы мүмкін. Аталған өнімдердің негізгі құраушы компоненттері қын гидрленетін әрі деструкцияға ұшырайтын курделі поліароматты көмірсүтектер болғандықтан, оларды тек қана катализдік жолмен өндеуге болады. Бұл процестің жүзеге асырылуы тандап алынған катализдік жүйенің тиімділігімен әрі селективтілігімен тікелей байланысты болады. Осыған сәйкес, диссертациялық жұмыстың теориялық және практикалық тұрғыдан маңыздылығы жогары, бұл, сәйкесінше, біріншілік тас көмір шайыры мен оның кең фракциясының гидрогенизациясына мақсатты онімдердің жогары шығымын алуға мүмкіндік беретін жаңа әрі белсенділігі мен селективтілігі жогары катализдік жүйені алу міндеттін шешумен тікелей байланысты.

Зерттеуші Н.Ж. Балпанова нанокатализатор мен полимер қатысындағы біріншілік тас көмір шайырының гидрогенизациясын жүргізудің оптимальды жагдайларын анықтап, гидрогенизация процесіне әсер ететін бірқатар факторларды анықтады.

Докторант Н.Ж. Балпанованаң зерттеу жұмысының негізгі пәтижелері халықаралық және республикалық конференцияларда жаш-жасында талқыланған, сонымен қатар Web of Science және Scopus деректер базасына енгізілген жогары рейтингті халықаралық ғылыми журналда және КР БГМ-нің білім және тәлім саласындағы бақылау Комитеті бекіткен республикалық арийы басылымдарда жарияланған. Сонымен қатар, Балпанова Назерке Жумагалиевнаның диссертациялық жұмысының бір болігі КР БГМ іргелі зерттеулер

бағдарламасына сәйкес "Кокс газы атмосферасында ауыр мұнай қалдықтарының біріншілік тас көмір шайырымен коспасын термохимиялық ондеу" жобасы бойынша (2015-2017 жж., мемлекеттік тіркеу № Ф-0115 ҚР 00935) Е.А. Букетов атындағы Караганды университетінде жүргізілетін гылыми-зерттеу жұмыстары аясында орындалды.

«Нанокаталитикалық қоспалар мен полимерлік материалдар көтісінде көмір шайырын гидробайыту» тақырыбында жазылған Н.Ж. Балпановың диссертациялық жұмысының теориялық және тәжірибелік маңыздылығы жоғары деп есептеймін. Жұмыс жоғары ғылыми деңгейде орындалған және диссертациялық жұмысты жазуға қойылатын талантарға толық сәйкес келеді. Ізденуші Н.Ж. Балпановың диссертациялық жұмысы «6D060600 – Химия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуда ашық корғауға ұсыныла алады.

Ғылыми кеңесші:  
PhD доктор, ас. проф.

Amj

A. Түсіпхан

Байкенов М.И. қолын растаймын,  
Е.А. Бекетов атындағы  
ҚарУ галым хатшысы

